

**Колледж ішілік
бақылау жұмыстары**

Оқу үрдісіне колледж ішілік бақылау жүргізу

Колледж ішілік бақылау - колледждің білім беру қызметінің жағдайына диагностика жасауға, басқару және басқарылатын объектілер арасында кері байланысты қамтамасыз етуге бағытталған ақпараттың негізгі қайнар көзі.

Колледж ішілік бақылаудың мақсаттары:

- колледж қызметін жетілдіру;
- білім беру сапасын жақсарту;
- білім беру саласында ҚР заңнамасын сақтау;
- білім беру саласында мемлекеттік саясат принциптерін жүзеге асыру;
- білім беру ұйымдарының қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді орындау;
- білім беру үрдісінің қатысушыларының құқықтары мен еркіндіктерін қорғау;
- мемлекеттік білім беру стандарттарын сақтау;
- даму үрдістеріне талдау және болжамдау өткізу;
- шеберлік арттыру.

Колледж ішілік бақылаудың міндеттері:

- оқу-тәрбие үрдісінің жағдайы туралы ақпаратты жинау және өңдеу;
- барлық басқарушылық шешімдерді жүзеге асыру бойынша кері байланысты қамтамасыз ету;
- оқытушылардың жұмыс тәжірибелерін зерделеу;
- оқу-тәрбие жұмысы бойынша оқытушыларға әдістемелік қолдау көрсету;
- ОЖЖ талаптарын, пәндер бойынша жұмыс бағдарламаларының орындалуын тексеріс жүргізіп отыру;
- колледж ішілік бақылаудың бөлек түрлері үшін әлсіз жақтарын, тәуекел мен қауіптерді анықтау, талдау, бағалау және алдын алу механизмдерін жетілдіру;
- жұмыс берушілердің, білім алушылардың, оқытушылардың сұраныстарының қанағаттандырылуының талдау және ұйым қызметінің механизмдерін жетілдіру;
- оқу пәндерін оқыту сапасына жүйелі түрде бақылау жүргізу, оқытушылардың оқу-тәрбие жұмысының мазмұнына, түрлеріне және әдістеріне ғылыми-дәлелденген талаптарды сақтауы;
- оқытудың заманауи АКТ және оқытудың инновациялық әдістерін енгізу;
- білім алушылардың білімдерді игерудің үрдісіне, даму деңгейлеріне, өздігінше білімді игеру әдістеріне кезеңдік бақылау жүргізу;

- колледждің барлық жұмыс жоспарларының орындалуына және қабылданатын басқарушылық шешімдерге тұрақты түрде тексеріс жүргізу.

Колледж ішілік бақылауды ұйымдастыру

Колледж ішілік бақылау бақылаудың

жүзеге асырылады

- Колледж басшысымен;
- басшының орынбасарларымен;
- бөлім меңгерушілерімен;
- ПЦК төрайымдарымен;
- әдіскермен.

Колледж ішілік

функциялары:

- Ақпараттық сараптамалық;
- бақылау-диагностикалық;
- Түзетушілік-реттеулік.

Колледж ішілік бақылау келесі түрде жүзеге асырылады:

Жоспарланған тексеріс – оқу жылына дейін педагогтер қауымының назарына жеткізіледі және тексерістердің ұйымдастырылуын ұтымсыз қайталауды болдырмайтын және мерзімділікті қамтамасыз ететін белгіленген кесте-жоспарға сәйкес;

Шұғыл тексерістер – білім беру үрдісінің қатысушылары арасында пайда болған даулы жағдайларды шешуді ұйымдастыру және реттеу, білім алушылар мен олардың ата-аналарынан келіптүскен өтінімдеріндегі бұзушылықтар туралы фактілерді тексеру және анықтау мақсатында;

мониторинг – білім беру сапасын басқарудың міндеттерін тиімді шешу үшін білім беру үрдісін ұйымдастыру және қорытындылары бойынша ақпаратты жинақтау, жүйелік есепке алу, өңдеу және талдау;

әкімшілік жұмысы – студенттердің аралық аттестаттаулары және үлгерімдерінің ағымдағы бақылауларының шеңберінде сәтті оқуды тексеру мақсатымен колледж басшысымен жүзеге асырылады.

Бақылауларды қорытындылау үшін келесі нысандар қолданылады:

- педагогикалық кеңес отырысы;
- басшылық кеңесі (басшы, басшының орынбасарлары);
- әдістемелік кеңес отырысы;
- колледж бойынша бұйрық;
- сараптамалық (қызметтік) хат.

БЕКТЕМІН
«Шонжы политехникалық колледж» МКҚК
директоры *Ж. С. Суджаков* Р.С. Суджаков
«31» *Мамыр* 2021 ж

2021-2022 оқу жылындағы Ішкі бақылауды ұйымдастыру жұмысының жоспары

№	Жұмыстың мазмұны	Өткізілу уақыты	Жауаптылар	Бақылау түрі	Қарастырылатын орны
Білім сапасын бақылау					
1	Жалпы білім беру пәндері бойынша директорлық бақылау жұмыстарын өткізу және мониторингі	Қазан	Директордың ОІЖО ПЦК меңгерушілері	Жан-жақты тексеріс	Директор жанындағы отырыс
2	Колледжде өткізіліп жатқан теориялық және өндірістік сабақтардың сапасын бақылау	Әкімшілік тарапынан бекітілген сабаққа қатысу кестесі бойынша	Директор Директордың ОӨІЖО Директордың ОІЖО Директордың ТІЖО Әдіскер Аға шебер	Арнайы жеке және дербес	Директор жанындағы отырыс
3	Оқу жұмыс жоспарлары және бағдарламалардың жарты жылдық орындалу есебі	1 семестр	Директордың ОӨІЖО Директордың ОІЖО	Арнайы жеке және дербес	Педагогикалық кеңес
4	Білім алушылардың сабаққа қатысу көрсеткіш сапасы	Апта сайын	Әкімшілік	Жеке тексеріс	Директор жанындағы отырыс
5	Оқу кабинеттері және шеберханалардың әдістемелік-санитарлық сапасын бақылау	Екі айда бір рет	ПЦК меңгерушілері Әдіскер Аға шебер	Арнайы жеке және дербес	Директор жанындағы отырыс
6	Әдістемелік бірлестік жұмысын бақылау	1,2 жартыжылдық	әдіскер	Арнайы	Директор жанындағы отырыс Әдістемелік кеңес

7	Теориялық журналдарды тексеру	Ай сайын	Директор Директордың ОӨІЖО Директордың ОІЖО	Жан-жақты тексеріс	Директор жанындағы отырыс Педагогикалық кеңес
Тақырыптық тексеріс					
1	Үлгерімі төмен білімалушылармен оқытушылардың жұмыс жоспарына шолу	наурыз	Директордың ОІЖО Әдіскер	Тақырыптық нұсқаулар бойынша	Директор жанындағы отырыс
2	Шеберханалар жағдайының сапасы	Қаңтар, ақпан, наурыз	Директордың ОӨІЖО Шеберхана меңгерушісі Аға шебер	Тақырыптық	Директор жанындағы отырыс Педагогикалық кеңес
3	Жатақханада тұратын білімалушылардың жағдайы	Ай сайын	Жатақхана меңгерушісі Тәрбиеші Директордың ТІЖО	Жазбаша	Директор жанындағы отырыс Педагогикалық кеңес
4	Ыстық тамақтың дайындығын бақылау	Келісілген график бойынша	Директордың ОӨІЖО Асхана меңгерушісі	Тақырыптық жазбаша	Директор жанындағы отырыс
5	Жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған балалармен жұмыс	Ай сайын	Жатақхана меңгерушісі Тәрбиеші Директордың ТІЖО	Жазбаша	Директор жанындағы отырыс
6	Өндірістік практикадан өтетін білім алушылардың жұмыс жағдайы	Ай сайын	Директордың ОӨІЖО Аға шебер	Жазбаша	Директор жанындағы отырыс
7	Еңбек тәртібінің орындалу туралы	Жарты жылдық және жылдық	Кадр меңгерушісі	Жазбаша, баяндау хаттар негізінде	Директор жанындағы отырыс

8	Мамандықтардың ПТП, ОЖБ, сабақ жоспарларының құрылуы және бақылау	Қыркүйек 1 семестр	Директордың ОІЖО Директордың ОӨІЖО Әдіскер	Тақырыптық	Педагогикалық кеңес
9	Факультатив сабақтардың жүргізілу деңгейі	Жыл бойы	Директордың ОІЖО	Баяндау	Директор жанындағы отырыс
10	Колледждегі ақпараттық жұмыстардың жүргізілуі	Ай сайын	әдіскер		Директор жанындағы отырыс
11	1 курс топтардың сабаққа қатысу деңгейін бақылау	Ай сайын	Оқу бөлімі	Жазбаша мониторинг	Директор жанындағы отырыс

Орындаған: Акбарова М.Т.